- ▶ Тоңазытқышта сақталатын азық-түлікті сақтар алдында жуып, кептіру қажет.

- ▶ Жағымсыз иіс пайда болуын немесе дәмдік қасиеттерінің өзгеруін болдырмау үшін сақтауға дайындалған тағамдарды герметикалық түрде жауып қою керек.
- ▶ Тым көп азық-түлік сақтамаңыз. Жақсы және біркелкі салқындату үшін суық ауа ағындарының айналуын қамтамасыз ету үшін азық-түлік арасында бос орын қалдырыңыз.
- ▶ Күнделікті қолданылатын азық-түлік сөренің алдыңғы жағында сақталуы керек.
- ▶ Еркін ауа қозғалысын қамтамасыз ету үшін азық-түлік пен тоңазытқыштың ішкі қабырғалары арасында бос орын қалдырыңыз. Әсіресе, азық-түлікті артқы қабырғаға жақын қоймаңыз: оған жабысып қалуы мүмкін. Тамақ өнімдерінің (әсіресе, майлы және қышқыл) тоңазытқыштың ішкі жабынына жанасуына жол бермеңіз, өйткені май/қышқыл қаптаманы бүлдіруі мүмкін. Майлы және қышқыл дақтарды көрген кезде бірден сүртіп алыңыз.
- ▶ Мұздатылған тамақ өнімдерін тоңазытқышта біртіндеп ерітуге болады. Бұл электр энергиясының үнемделуін қамтамасыз етеді.
- ▶ Тоңазытқыштағы жағымсыз иіс – бірдеңе төгілгенінің және жуу қажет екенінің белгісі. КҮТІМ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ бөлімін қараңыз
- ▶ Түрлі азық-түлікті қасиеттеріне байланысты тоңазытқыштың әртүрлі бөлімдерінде сақталуы қажет (5.13-1-сур.).

1. Тұздалған тағамдар, консервілер және т. б.
2. Май, ірімшік, жұмыртқа, дәмдеуіштер және т. б.
3. Тіскебасарлар және т. б.
4. Шарап, шампан және т. б.
5. Жұмыртқа, консервілер, астатымдар және т. б.
6. Макарон, сүт, тофу, сүт өнімдері және т. б.
7. Жоғары ылғалдылық аймағы: салаттар, жемістер мен көкөністер
8. Сусындар және бөтелкеге құйылған өнімдер
9. My Zone жәшігі
Жемістер, көкөністер, салаттар (Fruit & Veg. режимі), банкадағы сусындар (Q-cool режимі)
Шикі балғын азық-түлік (0 °C Fresh режимі)



МОДЕЛІ: A4F745CGBGRU/
A4F745CGWGRU1

5.13.2 Мұздатқыш камерасында сақтау

- ▶ Мұздатқыш камерасындағы температураны $-18\text{ }^{\circ}\text{C}$ шамасында ұстаңыз.
- ▶ Мұздатудан 24 сағат бұрын Super-Freeze (Қарқынды мұздату) функциясын қосыңыз; аз мөлшердегі азық-түлік үшін 4-6 сағат жеткілікті болады.
- ▶ Ыстық тамақты мұздатқышқа салмай тұрып бөлме температурасына дейін суыту керек.
- ▶ Кішігірім бөліктерге бөлінген азық-түлік тез қатады әрі оларды еріту де, дайындау да оңай болады. Әр порцияның ұсынылған салмағы 2,5 кг-нан аспайды.
- ▶ Тағамды мұздатқышқа қоймас бұрын оны қаптауға кеңес беріледі. Пакеттердің бір-біріне жабысып қалуына жол бермеу үшін қаптаманың сыртқы беті құрғақ болуға тиіс. Қаптау материалдары иіссіз, тығыздалған, улы емес және уытты емес болуы керек.
- ▶ Сақтау мерзімінен асып кетпеу үшін түрлі азық-түліктің сақталу мерзіміне сәйкес қаптамасына мұздатылған күнін, сақтау мерзімін және тағамның атауын жазыңыз.
- ▶ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Қышқылдар, сілтілер, тұздар және т.б. мұздатқыштың ішкі бетін зақымдауы мүмкін. Құрамында осы заттар бар өнімдерді (мысалы, теңіз балығы) тікелей ішкі бетіне қоюға болмайды. Мұздатқышқа түскен тұзды суды дереу сүртіп алып, бетін жуу керек.

- ▶ Өндірушілер ұсынған тағамның жарамдылық мерзімінен асырмаңыз. Мұздатқыш камерадан қажетті өнім санын ғана шығарған жөн.
- ▶ Еріген өнімдер қысқа мерзімде пайдаланылуы керек. Алдын ала дайындалмаған болса, еріген өнімдерді, қайта мұздатуға болмайды, әйтпесе ол дәмін жоғалтады.
- ▶ Мұздатқыш камерасына балғын өнімнің артық мөлшерін салуға болмайды. Мұздатқыш камерасының жұмысы туралы ақпаратты ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР бөлімінен немесе тоңазытқыштың моделі туралы ақпарат тақтайшасынан табуға болады.
- ▶ Азық-түлікті мұздатқыш камерасында -18 °С-тан жоғары емес температурада олардың қасиеттеріне байланысты 2 айдан 12 айға дейін сақтауға болады (мысалы, ет: 3-12 ай, көкөністер: 6-12 ай).
- ▶ Жаңа өнімдерді мұздатқан кезде, мұздатылып қойған өнімдерге жанасуына жол бермеңіз. Еріту қаупі!

5.13.3 Бастапқыда мұздатылған тағамдарды сақтағанда мына нұсқауларды орындаңыз:

- ▶ Өрқашан сақтау мерзіміне қатысты өндіруші нұсқауларын орындаңыз. Сол мерзімдерден асырушы болмаңыз!
- ▶ Азық-түлік сапасын сақтау үшін сатып алу мен сақтау арасында ең аз уақыт аралығын сақтауға тырысыңыз.
- ▶ Мұздатылған тамақ өнімдерін -18 °С немесе одан төмен температурада сақтаңыз.
- ▶ Қаптамасында мұз немесе қырау бар тағамдарды сатып алудан аулақ болыңыз, бұл тағамның бұрын жартылай еріген және қайта мұздатылған болуы мүмкін екенін көрсетеді. Температураның өзгеруі тамақ өнімдерінің сапасына кері әсер етеді.

5.14 Тоңазытқышты Wi-Fi-ға қосу


Тоңазытқышты Wi-Fi-ға қосыңыз, сонда құрылғыны қашықтан басқара аласыз.

Ол үшін:

1. Evo қолданбасын жүктеп алыңыз.



Бірнеше маңызды кеңес:

- *Үйдегі Wi-Fi желісінің жиілігі 2,4 ГГц екеніне көз жеткізіңіз. Мұны роутеріңіздің баптауы арқылы тексеруге болады.*
 - *Смартфоныңыздағы Bluetooth және геолокацияны анықтау функциясы қосылғанын тексеріңіз.*
 - *Тоңазытқышыңыз желінің қамту аймағында тұрғанына көз жеткізіңіз.*
 - *Тоңазытқышыңызға жақындаңыз.*
2. Evo қолданбасын ашыңыз, жаңа есептік жазба құрыңыз немесе авторизациядан өтіңіз.
 3. Тоңазытқыштың қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
 4. Бұғаттау функциясының батырмасын 3 секунд басып тұрыңыз, тоңазытқыштың басқару панелін бұғаттан шығарыңыз, содан кейін «Holiday» функциясының батырмасын 5 секунд басып тұру арқылы оны түйіндестіру режиміне ауыстырыңыз.
 5. Ескерту дыбыстық сигналы шығады, тоңазытқыштың басқару панелінде Wi-Fi индикаторы  тез жыпылықтай бастайды.
 6. Қолданбадағы «Үй» бөліміне өтіп, «Құрылғы қосу» батырмасын немесе жоғарғы оң жақ бұрыштағы «+» батырмасын басыңыз. Құрылғылар тізімінен тоңазытқышты таңдаңыз.



7. Баптауды аяқтау үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз.

**Wi-Fi функциясын, сондай-ақ мобильді қолданбадағы барлық аймақта (елдерде) бірдей қосу және пайдалану мүмкін емес.*


Wi-Fi функциясын, сондай-ақ сіздің аймағыңызға (еліңізге) арналған мобильді қолданбаны қосу және пайдалану мүмкіндігін сатушыдан (уәкілетті ұйымнан) біліңіз.



Энергия үнемдеу бойынша ұсыныстар

- ▶ Құрылғының жеткілікті желдетілуі қамтамасыз етілгеніне көз жеткізіңіз («OPHATU» бөлімін қар.).
- ▶ Құрылғыны тікелей күн сәулесі түсетін немесе жылу көздеріне (мысалы, пештер, жылытқыштар) жақын жерге орнатпаңыз.
- ▶ Құрылғының ішіндегі температура шамадан тыс төмен болуына жол бермеңіз. Белгіленген температура неғұрлым төмен болса, энергия шығыны соғұрлым жоғары болады.
- ▶ Қарқынды мұздату немесе қарқынды салқындату (SUPER-FREEZE немесе SUPER-COOL) сияқты функциялар энергияны көбірек тұтынуға ықпал етеді.
- ▶ Құрылғы ішіне салмас бұрын жылы тағамның сууына мүмкіндік беріңіз.
- ▶ Тоңазытқыштың есігін мүмкіндігінше аз және қысқа уақытқа ашыңыз.
- ▶ Ауа айналымына кедергі келтірмеу үшін тоңазытқышты шамадан тыс толтырмаңыз.
- ▶ Айналатын ауа азық-түліктер қаптамасының ішіне кірмейтініне көз жеткізіңіз.
- ▶ Есік дұрыс жабылу үшін оның тығыздағышын таза ұстау керек.
- ▶ Мұздатылған тағамды тоңазытқышта ерітіңіз.
- ▶ Анағұрлым энергия үнемдегіш конфигурацияда тартпа, тамақ өнімдеріне арналған жәшік және сөрелер зауыттық жағдайда орнатылуы керек, ал азық-түлік ауа өткізгіштің ауа шығаратын саңылауын торамауға тиіс.

Жарықдиодты шамдарды ауыстыру



Шамды (тек жарық диод) өндіруші немесе уәкілетті сервистік қызмет қана ауыстыра алады.


Бұл құрылғыда G энергиятиімділік класының жарық көзі бар.

| Камера | Энергиятиімділік класы | Моделі |
|----------------------|------------------------|--------------------------------|
| Тоңазытқыш-мұздатқыш | G | A4F745CGBGRU1 A4F745CGWGRU1 |




Ескерту: Модельге байланысты айырмашылықтар

Моделіне байланысты сіздің құрылғыңызда төменде аталған функциялардың барлығы болмауы мүмкін. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ бөлімін қараңыз.



7.1 Бүйірлік ауа айналымы

Тоңазытқыш-мұздатқыш уық ауа бүріккіштері әр сөренің деңгейінде орналасатын бүйірлік салқындату жүйесімен жабдықталған (7.1-сур.). Бұл тағамдарыңыздың балғындығын ұзақ уақыт сақтау үшін біркелкі температураны сақтауға көмектеседі.



7.2 Реттелетін сөрелер


Сөренің биіктігін сақтау қажеттіліктеріңізге сай реттеуге болады.

1. Сөрені жылжыту үшін алдымен оны алыңыз, ол үшін сөренің артқы жиегін көтеріңіз (1) және оны өзіңізге қарай тартыңыз (2) (7.2-сур.).
2. Сөрені кері орнату үшін оны екі жағындағы ұстағыштарға орналастырыңыз, сөренің артқы бөлігін камера қабырғаларына кірмейінше артқа қарай итеріңіз.



Ескерту: Сөрелер

Сөренің қисайып кетпеуін қадағалаңыз.




7.3 Алынбалы есік сөрелері

Есік сөрелерін жуатын кезде алуға болады:

Сөрені екі жағынан қолыңызбен алыңыз, оны жоғары көтеріңіз (1) және өзіңізге қарай тартыңыз (2) (7.3-сур.).

Сөрені орнына қою үшін жоғарыдағы қадамдарды кері ретпен орындаңыз.




7.4 My Zone жәшігі

My Zone бөлімін пайдалану және орнату туралы ақпаратты (7.4-сур.) ПАЙДАЛАНУ бөлімінен қараңыз (My Zone жәшігі).


7.5 Мұздатқыш камерасына арналған 3D-жәшік

Мұздатқыш камерасындағы жәшіктерді (7.5-сур.) тікелей және соңына дейін итеруге болады. Олар мұздатылған өнімдерді ыңғайлы және оңай сақтауға және шығарып алуға болатындай, жүрісі жақсарған телескоптық бағыттағыштарға орнатылған. Есікті автоматты түрде жабу механизмінің арқасында оларды қолдану оңай және сіз энергия үнемдейсіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жәшіктерді шамадан тыс жүктемеңіз: әр жәшікке түсетін максималды жүктеме: 35 кг!



7.6 Мұзға арналған форма

1. Мұзға арналған форманы 3/4 суға толтырып, мұздатқыш камерасындағы жәшіктердің біріне салыңыз (7.6-1-сур.).
2. Мұз текшелерін алу үшін мұзға арналған форманы аздап бұраңыз немесе оны ағын судың астында ұстаңыз (7.6-2-сур.).

7.7 Жарықтандыру

Есікті ашқан кезде ішкі жарықдиодты шам қосылады. Жарықтандыру жұмысы құрылғының басқа параметрлеріне байланысты емес.

7.8.1




7.8 Бөтелке қоятын жиналмалы сөре

Әдеттегідей пайдалануға арналған

1. Бөтелке қоятын сөренің кронштейндерін түсіріңіз (7.8-1-сур.).
2. Бөтелкелерді сөреге қойыңыз (7.8-2-сур.).

Бөтелке сөресі пайдаланылмаса, орын үнемдеу үшін оны бүктеп қоюға болады.

7.8.2



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Бөтелкелердің жалпы салмағы 10 кг-нан аспайтынына көз жеткізіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тазалау алдында құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.

8.1. Жалпы ережелер


Құрылғыны онда өнімдер болмаған жағдайда тазалау керек.

Техникалық қызмет көрсету және бүлінген өнімдердің жағымсыз иісін болдырмау үшін құрылғыны төрт апта сайын жуу керек.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Құрылғыны қатты қылшақтармен, сымды ысқыштармен, кір жуғыш ұнтақпен, бензинмен, амилацетатпен, ацетонмен және басқа ұқсас органикалық, қышқылды немесе сілтілі ерітінділермен тазаламаған жөн. Зақымдалуына жол бермеу үшін тоңазытқышты жууға арналған арнайы құралдарды пайдаланыңыз.
 - ▶ Тазалаған кезде құрылғыға су шашпаңыз немесе оған су құймаңыз.
 - ▶ Құрылғыны тазалау үшін су немесе бу шашпаңыз.
 - ▶ Суық шыны сөрелерді ыстық сумен жумаған жөн. Температураның күрт өзгеруінен шыны шытынауы мүмкін.
 - ▶ Мұздатқыш камерасының ішкі бетіне әсіресе ылғал қолыңызды тигізбеңіз, себебі қол суық бетке жабысып қалуы мүмкін.
 - ▶ Егер ерітілсе немесе температура жоғарыласа, мұздатылған өнімдердің жағдайын тексеріңіз.
- ▶ Есіктің тығыздағыштарын әрдайым таза ұстау керек.
 - ▶ Құрылғының ішкі бөлігін және корпусын бейтарап жуғыш құрал қосылған жылы су ерітіндісіне малынған ысқышпен жуыңыз (8.1-сур.).
 - ▶ Жуғыш затты шайыңыз және жұмсақ матамен құрғатып сүртіңіз.
 - ▶ Құрылғының ешқандай бөлігін ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды.
 - ▶ Керек-жарақтарын тек жылы сумен және жұмсақ бейтарап жуғыш құралмен жуыңыз.
 - ▶ Тоңазытқышты қайта қосар алдында кем дегенде 5 минут күтіңіз, себебі жиі іске қосу компрессорды зақымдауы мүмкін.



8.2 Еріту

Тоңазытқыш пен мұздатқышты еріту автоматты түрде жүзеге асады, адамның араласуы қажет емес.

8.3 Артқы шамды ауыстыру


**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Жарықдиодты шамды өзіңіз ауыстырмаңыз, оны тек өндіруші немесе уәкілетті сервистік қызмет ауыстыруы керек.

Жарық көзі ретінде энергияны көп тұтынбайтын және ұзық қызмет ететін жарықдиодты шам қолданылады. Егер қандай да бір ақаулық табылса, сервистік қызметке жүгініңіз. КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ бөлімін қараңыз.

Шамның сипаттамалары:

Кернеуі 12 В: Максималды қуаты: 12 Вт

**8.4 Алынбалы есік тығыздағышы**

Жоғарғы және төменгі мұздатқыш камераның есіктерінде алты қосымша тығыздағыш бар.

1. Жоғарғы және төменгі мұздатқыштардағы көрсетілген бес есік тығыздағышын табыңыз (8.4-1-сур.).
2. Бекіткен кезде тығыздағыштың имек қиықтары ішке қарай бағытталғанына көз жеткізіңіз (8.4-2-сур.).
3. Көрсетілгендей, жоғарғы камераның **төменгі** тығыздағышын табыңыз (8.4-3-сур.).
4. Бекіткен кезде тығыздағыштың имек қиығы төмен қарағанына көз жеткізіңіз (8.4-4-сур.).

Мұндай тығыздағыштарды, сондай-ақ айналмалы есіктердің/тартпа жәшіктердің тығыздағыштарын сервистік қызмет арқылы алуға болады (Кепілдік талонын қараңыз).

8.5 Ұзақ уақыт пайдаланбау

Егер құрылғы ұзақ уақыт қолданылмаса және сіз Holiday (Демалыс) функциясын пайдаланбайтын болсаңыз:

- ▶ Азық-түлікті шығарыңыз.
- ▶ Қуат сымын желілік розеткадан ажыратыңыз.
- ▶ Құрылғыны жоғарыда сипатталғандай жуыңыз.
- ▶ Ішінен жағымсыз иіс шығуына жол бермеу үшін тоңазытқыш пен мұздатқыш камераларының есігін жаппаңыз.

**Назар аударыңыз: Өшіру**

Аса қажет болғанда ғана құрылғыны өшіріңіз.

8.6 Құрылғының орнын ауыстыру

1. Барлық өнімді алып тастаңыз және ашаны розеткадан алыңыз.
2. Тоңазытқыш пен мұздатқыштағы сөрелер мен басқа жылжымалы бөлшектерді жабысқақ таспамен бекітіңіз.
3. Салқындату жүйесіне зақым келтірмеу үшін тоңазытқышты 45°-тан артық еңкейтуге болмайды.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Тоңазытқышты тұтқасынан көтермеңіз.
- ▶ Ешқашан тоңазытқышты еденге көлденең қоймаңыз.

Туындаған мәселелердің көбін пайдаланушы сервистік қызметсіз дербес шеше алады. Мәселе туындаған жағдайда ұйымға, өндірушіге немесе уәкілетті сервистік қызметке жүгінбей тұрып, аталған себептердің барлығын тексеріп, төмендегі нұсқауларды орындаңыз. «Сервистік қызмет» бөлімін қараңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Техникалық қызмет көрсетер алдында құрылғыны өшіріп, қуат сымының ашасын розеткадан ажыратыңыз.
- ▶ Электр жабдығына білікті электрик мамандар ғана қызмет көрсетуі керек, себебі дұрыс емес жөндеу жұмыстары кейін айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін.
- ▶ Жабдық бүлінген жағдайда, қауіптің алдын алу үшін оны өндіруші, сервистік қызмет немесе соған ұқсас білікті персонал ауыстыруға тиіс.

9.1 Ақаулықтарды іздеу және жою кестесі

| Мәселе | Ықтимал себебі | Ықтимал шешімі |
|--|--|--|
| Компрессор жұмыс істемейді. | <ul style="list-style-type: none"> • Қуат ашасы желілік розеткаға қосылмаған. • Құрылғы еріту циклінде тұр. | <ul style="list-style-type: none"> • Қуат ашасын розеткаға қосыңыз. • Бұл автоматты түрде еріту үшін қалыпты жағдай. |
| Құрылғы жиі қосылады немесе өте ұзақ уақыт бойы жұмыс істейді. | <ul style="list-style-type: none"> • Ішінде немесе сыртында температура тым жоғары. • Құрылғы белгілі бір уақыт ішінде жұмыс істемейді. • Құрылғының есігі немесе жәшігі тығыз жабылмаған. • Есік/жәшік өте жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалған. • Мұздатқышта тым төмен температура орнатылған. • Есік/жәшік тығыздағышы кірлеген, тозған, жарылған немесе дұрыс түйіспеген. • Қажетті ауа айналымы қамтамасыз етілмеген. | <ul style="list-style-type: none"> • Бұл жағдайда құрылғының ұзақ жұмыс істеуі қалыпты саналады. • Әдетте құрылғыны салқындату үшін 8-12 сағат кетеді. • Есікті/жәшікті жабыңыз, құрылғының тегіс жерде тұрғанына және азық-түлік пен контейнерлердің есікті жабуға кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз. • Есікті/жәшікті тым жиі аша бермеңіз. • Қанағаттанарлық температураға жеткенше жоғары температураны орнатыңыз. Тоңазытқыштың тұрақты температурасын қамтамасыз ету үшін 24 сағат кетеді. • Есіктің тығыздағышын тазалаңыз немесе сервистік қызметке хабарласып, оны ауыстырыңыз. • Жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз. |
| Тоңазытқыштың ішкі жағы кірлеген және (немесе) иісі бар. | <ul style="list-style-type: none"> • Тоңазытқыштың ішкі жағын жуу керек. • Тоңазытқышта иісі өткір тағамдар сақталады. | <ul style="list-style-type: none"> • Тоңазытқыштың ішкі бөлігін тазалаңыз. • Өнімді жақсылап ораңыз. |

| Мәселе | Ықтимал себебі | Ықтимал шешімі |
|--|---|---|
| Құрылғының ішіндегі температура онша төмен емес. | <ul style="list-style-type: none"> • Тым жоғары температура орнатылған. • Тоңазытқышқа тым жылы азық-түлік салған. • Бір уақытта тым көп өнім сақталады. • Өнімдер бір-біріне тым жақын орналасқан. • Құрылғының есігі немесе жәшігі тығыз жабылмаған. • Есік/жәшік өте жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалған. | <ul style="list-style-type: none"> • Температураны реттеңіз. • Тағамды тоңазытқышқа салар алдында әрқашан салқындатыңыз. • Азық-түлікті аз мөлшерде сақтаңыз. • Ауа өту үшін азық-түлік арасында бос орын қалдырыңыз. • Есікті/тартпа жәшікті жабыңыз. • Есікті/жәшікті тым жиі аша бермеңіз. |
| Құрылғының іші тым суық. | <ul style="list-style-type: none"> • Тым төмен температура орнатылған. • Power-Freezer функциясы белсенді немесе ол тым ұзақ жұмыс істеп тұр. | <ul style="list-style-type: none"> • Температураны реттеңіз. • Power-Freezer функциясын өшіріңіз. |
| Тоңазытқыш камерасының ішінде ылғал түзілуі. | <ul style="list-style-type: none"> • Тым жылы және ылғал климат. • Құрылғының есігі немесе жәшігі тығыз жабылмаған. • Есік/жәшік өте жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалған. • Тағамға немесе сұйықтықтарға арналған контейнерлер ашық қалған. | <ul style="list-style-type: none"> • Анағұрлым жоғары температура орнатыңыз. • Есікті/тартпа жәшікті жабыңыз. • Есікті/тартпа жәшікті тым жиі ашпаңыз. • Ыстық тағамдарды бөлме температурасына дейін салқындатып, тағамдар мен сұйықтықтардың бетін жабыңыз. |
| Тоңазытқыштың немесе есік/есік пен жәшіктің артқы жағына ылғал жиналады. | <ul style="list-style-type: none"> • Тым жылы және ылғал климат. • Есік/жәшік тығыз жабылмаған. Құрылғының ішіндегі суық ауа мен сыртындағы жылы ауаның әсерінен конденсация пайда болады. | <ul style="list-style-type: none"> • Бұл жағдай ылғал климатта қалыпты және ылғалдылық төмендеген сайын өзгереді. • Есік/жәшік жақсылап жабулы екеніне көз жеткізіңіз. |
| Мұздатқыш камерасында мұз бен қырау көп. | <ul style="list-style-type: none"> • Тағамдар дұрыс оралмаған. • Құрылғының есігі немесе жәшігі тығыз жабылмаған. • Есік/жәшік өте жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалған. • Есік/жәшік тығыздағышы кірлеген, тозған, жарылған немесе дұрыс түйіспеген. • Ішінде бір зат есіктің толық жабылуына жол бермейді. | <ul style="list-style-type: none"> • Азық-түлікті үнемі мұқият ораңыз. • Есікті/тартпа жәшікті жабыңыз. • Есікті/жәшікті тым жиі аша бермеңіз. • Есік/жәшік тығыздағышын жуыңыз немесе оны ауыстырыңыз. • Есікті немесе жәшікті жабу үшін ішкі сөрелерді, есік сөрелерін немесе ішкі контейнерлерді қайта ауыстырып қойыңыз. |

| Мәселе | Ықтимал себебі | Ықтимал шешімі |
|---|---|---|
| Тоңазытқыш өзіне тән емес дыбыстар шығарады. | <ul style="list-style-type: none"> Құрылғы тегіс емес бетте орналасқан. Құрылғы жақын орналасқан қандай да бір затқа тиеді. | <ul style="list-style-type: none"> Құрылғыны туралау үшін аяқтарын реттеңіз. Заттарды тоңазытқыштан алыс қойыңыз. |
| Ағып жатқан судың дыбысына ұқсас жеңіл дыбыс естіледі. | <ul style="list-style-type: none"> Бұл қалыпты жағдай. | <ul style="list-style-type: none"> – |
| Дыбыстық сигнал естіледі. | <ul style="list-style-type: none"> Тоңазытқыштың есігі ашық. | <ul style="list-style-type: none"> Есікті жабыңыз немесе сигнализацияны қолмен сөндіріңіз. |
| Өлсіз гуіл естіледі. | <ul style="list-style-type: none"> Конденсатқа қарсы жүйе жұмыс істеп тұр. | <ul style="list-style-type: none"> Бұл конденсацияны болдырмайды және қалыпты жағдай саналады. |
| Ішкі жарық немесе салқындату жүйесі жұмыс істемейді. | <ul style="list-style-type: none"> Қуат ашасы желілік розеткаға қосылмаған. Қуат көзінде ақаулық бар. Жарықдиодты шам істен шықты. | <ul style="list-style-type: none"> Қуат ашасын розеткаға қосыңыз. Орынжайға электр қуатының берілуін тексеріңіз. Жергілікті электроэнергетикалық компанияға қоңырау шалыңыз! Шамды ауыстыру үшін қолдау қызметіне жүгініңіз. |
| Корпустың бүйір қабырғасы мен есік тақтайшасы қызып кетеді. | <ul style="list-style-type: none"> Бұл қалыпты жағдай. | <ul style="list-style-type: none"> – |

9.2 Электрмен жабдықтаудағы үзілістер

Электр энергиясы өшкен жағдайда, тағамдар шамамен 12 сағат кепілдікті түрде суық күйінде қалады. Энергия беруді ұзақ уақыт тоқтатқан кезде, әсіресе жазда, төмендегі нұсқаларды орындаңыз.

- ▶ Есікті немесе тартпаны мүмкіндігінше сирек ашыңыз.
- ▶ Егер электр энергиясын беру тоқтаса, құрылғыға қосымша тамақ өнімдері салынбайды.

- ▶ Егер сіз электр энергиясы өшетінін алдын ала білсеңіз және оның ұзақтығы 12 сағаттан асса, мұздың біраз мөлшерін дайындап, оны тоңазытқыштың жоғарғы жағындағы контейнерге салып қойыңыз.
- ▶ Энергиямен жабдықтауды тоқтатқаннан кейін бірден азық-түлікті тексеріңіз.
- ▶ Тоңазытқыштағы температура электр қуатын өшіру немесе басқа ақаулар кезінде көтеріледі, өнімнің жарамдылық мерзімі мен азық-түліктің сапасы төмендейді. Денсаулыққа қауіп төндірмеу үшін кез келген еріген тағамды дереу жеу керек немесе термиялық өңдеуден өткізу (пісіру) қажет және қайта мұздату керек (егер бұл орынды болса).



Ескерту: Электр энергиясын беруді тоқтатқан кездегі жад функциясы

Энергия беру қалпына келгеннен кейін құрылғы энергия өшкенге дейін орнатылған параметрлермен жұмысын жалғастырады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Құрылғының салмағы ауыр. Оны жылжыту үшін кем дегенде екі адам қажет.
- ▶ Барлық қаптама материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және оларды қоршаған ортаға зиян тигізбейтіндей етіп кәдеге жаратыңыз.
- ▶ Құрылғыны қаптамасынан шығарыңыз.
- ▶ Барлық қаптама материалдарын алыңыз.


10.1 Қоршаған ортаға қатысты шарттар

Орынжай температурасы әрдайым 10–43 °C аралығында болуы керек, себебі бұл құрылғының ішіндегі температураға және оның энергия тұтынуына әсер етуі мүмкін. Құрылғыны оқшаулаусыз басқа жылу шығаратын құрылғылардың (тұмшاپештер, тоңазытқыштар) жанына орнатпаңыз.

10.2 Қажет кеңістік


Есік ашық болған кезде қажет кеңістік (10.4-сур.)

10.4



| Модели | Ені, мм | | | Тереңдігі, мм | | | Қабырғаға дейінгі арақашықтық, мм |
|--------------------------------|---------|----|--------|---------------|------|------|-----------------------------------|
| | W1 | W2 | W3 | D1 | D2 | D3 | |
| A4F745CGBGRU1 A4F745CGWGRU1 | 700 | – | 1198,5 | 600 | 1140 | 1322 | 100 |

10.5



10.4 Желдету схемасы


Құрылғының жеткілікті желдетілуін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік мақсатында желдетудің көлденең қимасының қажетті параметрлеріне қойылатын талаптарды сақтау қажет (10.5-сур.).

Жеке тұрған құрылғы үшін: бұл тоңазытқыш-мұздатқыш кіріккен аспап ретінде пайдалануға арналмаған.

10.5 Құрылғыны туралау

Құрылғыны тегіс және қатты бетке қою керек.


1. Құрылғыны аздап шалқайтыңыз (10.5-сур.).
2. Аяқтарын қажетті деңгейге бұраңыз.
3. Орнықтылығын диагональ бойынша қарама-қарсы бұрыштарды кезекпен басу арқылы тексеруге болады. Сәл шайқалу екі бағыттау бірдей болуға тиіс. Әйтпесе, жақтау деформациялануы мүмкін; нәтижесінде есік тығыздағышының тығыздығы бұзылуы мүмкін. Сәл шалқайту есікті жабуды жеңілдетеді.



Ескерту: Туралау

Тоңазытқышты әрі қарай пайдалану барысында сақталатын азық-түліктің салмағына байланысты есік жылжып кетуі мүмкін. Бұл жағдайда есіктің орнын жоғарыда көрсетілген әдістерге сәйкес реттеңіз.

10.7



10.6 Күту уақыты

Компрессордың корпусында автоматты майлауға арналған май бар. Бұл май еңкейтіп тасымалдаған кезде түтіктерге ағып кетуі мүмкін. Май корпусқа қайту үшін құрылғыны қуат көзіне қоспай тұрып 2 сағат күту керек (10.7-сур.).

10.7 Электрлік байланыс

Өр қосылым алдында мыналарды тексеріңіз:

- ▶ қуат көзінің, желілік розетканың және сақтандырғыштың параметрлері зауыттық тақтайшада көрсетілген талаптарға сәйкес келетінін;
- ▶ қуат розеткасы розетка блогының немесе ұзартқыш сымның бөлігі емес екенін және жерге тұйықталғанын;
- ▶ аша мен розетка бір-біріне қатаң сәйкес келетінін.

Ашаны дұрыс орнатылған розеткаға салыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Қауіптің алдын алу үшін зақымдалған қуат сымын сервистік қызмет ауыстырады.

Құрылғыны орнатқан кезде қуат сымының қысылып қалмағанына және зақымдалмағанына көз жеткізген жөн.

Құрылғының артқы панеліне жылжымалы розетка немесе портативті қуат көздерін қоймаңыз.



Тұтанғыш материалдың жануына жол бермеу үшін сақтық шараларын сақтаңыз.

ОРНАЛАСТЫРУ

Құрылғыны қоршаған ортаның температурасы құрылғының зауыттық тақтайшасында көрсетілген климаттық класқа сәйкес келетін жерге орнатыңыз:

- температуралардың кең диапазоны: «бұл тоңазытқыш жабдық қоршаған ортаның 10 °С-тан 32 °С-қа дейінгі температурасында пайдалануға арналған»;
- қоңыржай климат: «бұл тоңазытқыш жабдық қоршаған ортаның 16 °С-тан 32 °С-қа дейінгі температурасында пайдалануға арналған»;
- субтропикалық климат: «бұл тоңазытқыш жабдық қоршаған ортаның 16 °С-тан 38 °С-қа дейінгі температурасында пайдалануға арналған»;
- тропиктік климат: «бұл тоңазытқыш жабдық қоршаған ортаның 16 °С-тан 43 °С-қа дейінгі температурасында пайдалануға арналған».

10.8. Есіктің реверсивтілігі






Құрылғыны қуат көзіне қоспай тұрып қойылатын жер мен пайдалану ыңғайлы болу үшін есігін оң жақтан (үнсіз келісіммен) сол жаққа ауыстыру керек пе, соның тексеріңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**



- ▶ Құрылғының салмағы ауыр. Есігін ауыстыру үшін екі адам қажет.
- ▶ Кез келген операцияны бастар алдында ең алдымен құрылғыны желіден ажыратыңыз.
- ▶ Салқындату жүйесіне зақым келтірмеу үшін құрылғыны 45°-тан артық еңкейтпеңіз.

Құрастыру кезеңдері (10.9-сур.):


1. Қажет құрал-сайманды дайындаңыз.
2. Құрылғыны желіден ажыратыңыз.
3. Алдыңғы панельді бекітетін бұрандаларды бұрап шығарыңыз (1) және панельді алыңыз (2). Алдыңғы панельдегі кішкене қақпақты солдан оңға өарай ашыңыз.
4. Жалғағыш кабельді ажыратыңыз.
5. Жоғарғы ілмектің қақпағын алыңыз (1) және жоғарғы ілмекті (үш бұранданы) оң жағынан бұрап алыңыз (2).
6. Тоңазытқыштың босаған есігін төменгі ілмектен абайлап алыңыз.
7. Есікті төңкеріп, қақпақты (1) және есік шектегішті (2) бекіткішпен (3) бұрап алыңыз.
8. Жоғарғы есіктің төменгі ілмегін алыңыз.
9. Бітеуіш пен бұранданың бүйір жақтағы орнын өзгертіңіз.
10. Есік шектегішті бастапқы позициядан қарама-қарсы жаққа жылжытыңыз.
11. Аксессуарлар жиынтығынан үстіңгі есіктің жаңа төменгі ілмегін алыңыз және оны құрылғының сол жағына бұрап салыңыз.
12. Жоғарғы есікті төменгі топсаға өзекше топсаның ойығына енетіндей етіп ақырын орнатыңыз.



13. Аксессуарлар жиынтығынан жоғарғы ілмекті алыңыз. Жалғағыш кабельді жоғарғы ілмек арқылы жүргізіп, ілмекті құрылғының сол жағындағы үш бұрандамен бекітіңіз.
14. Ілмекке қақпақ салыңыз (аксессуарлар жиынтығына кіреді).
15. Қосқыш кабельді жалғап, оны белгіленген тесікке салыңыз.
16. Алдыңғы панельді орнына қойып, бес бұрандамен бекітіңіз. Есікті қайта салғаннан кейін тығыздағыштардың корпусқа дұрыс бекітілгеніне және барлық бұранданың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



11.1 Техникалық сипаттамалары

| | |
|---|---|
| Сауда белгісі | Haier |
| Модельді сәйкестендіргіш | A4F745CGBGRU1 A4F745CGWGRU1 |
| Модельдің категориясы | Тоңазытқыш-мұздатқыш |
| Энергиятиімділік класы | A++ |
| Электр энергиясының жылдық тұтынылуы (кВт·сағ/жыл) ¹⁾ | 290 |
| Тоңазытқыш камерасының көлемі (л) | 342 |
| Мұздатқыш камерасының көлемі (л) | 121 |
| Мұздату класы |  |
| Frostfree жүйесі | Иә |
| Мұздатқыш камерасының өнімділігі (кг/24 сағ) | 14 |
| Климаттық класы Бұл құрылғы 10 °С-тан 38 °С-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған | SN.N.ST.T |
| Шуыл деңгейі (1 пВт-қа дБ(A)) | 38 |
| Температураға жету уақыты (сағ) | 15 |
| Конструкция типі | Жеке тұратын |

¹⁾ 24 сағат ішіндегі стандартты сынақ нәтижелеріне негізделген. Нақты энергия тұтынуы құрылғының қалай қолданылатынына және орналасқан жеріне байланысты болады.

11.2 Қосымша техникалық деректер

| | |
|---|--------------------|
| Жалпы көлемі (л) | 463 |
| Номиналды кернеуі/номиналды жиілігі | 220–240 В~ / 50 Гц |
| Номиналды тұтынатын қуаты (Вт) | 120 |
| Номиналды ток (А) | 1.5 |
| Сақтандырғыш тогы (А) | 16 |
| Тоңазытқыш агент/саны | R600a/62 г |
| Өлшемдері (ЕхТхБ) (мм) | 700 x 675 x 2006 |
| Қорғау класы | I |
| Таза салмағы (кг) | 109 |
| Жалпы салмағы (кг) | 117 |
| Ерігенде тұтынатын қуаты (Вт) | 180 |
| Жылыту жүйелерінің тұтынатын қуаты (Вт) | 180 |

Сервистік қызмет көрсету

Біз Haier компаниясының сервистік қызметіне жүгінуді, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің тұрмыстық техникаңызда мәселелер туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер сіз мәселенің шешімін таппаған болсаңыз, төмендегілерге жүгініңіз:

— өз ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа:

8-800-070-01-29 (ҚР),

— <https://haieronline.kz> сайтына, онда сіз қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің сервистік орталығымызға хабарласқанда, төлқұжат тақтайшасынан және чектен таба алатын келесі ақпаратты дайындауыңызды сұраймыз:

Үлгісі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні _____



Сондай-ақ, кепілдік пен сату құжаттарының болуын тексеріңіз.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Өндіруші қосымша ескертусіз өнімнің конструкциясы мен жиынтықтамасына өзгерістер енгізуге құқылы.

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: таңдауыңыз үшін алғысы айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету мерзімі ресми қызмет ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (көдендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті және шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай* кепілдікті мерзімді белгілейді. Ықтимал түсінеушілікке жол бермеу үшін бұйымды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз.

Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

8 (800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе <https://haieronline.kz> сайтында немесе support-kz@haieronline.kz электрондық поштасында.

Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

Кепілдікті көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
- тоңазыту контурымен және электрлік қосылыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесі;
- сұқұбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
- бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: үкілі етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
- еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бөгім қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

Кепілдікті көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және кеңес беру;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті көрсетуге жатпайды:

- желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуға арналған сүзгілер, құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа толқынды пештерге арналған төрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішекелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдылықтар;
- басқару пульті, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

* Кір жуатын/кепіретін/ыдыс жуатын машинаның инверторлық моторына, тоңазытқыш/мұздатқыштың инверторлық компрессорына, кепіретін машинаның компрессорына кепілдік мерзімі - тауар тұтынушыға берілген күннен бастап 12 жыл. Кір жуатын/кепіретін машинаның тура жетекті моторына (статор, ротор) шексіз кепілдік беріледі.

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park
Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк
Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация/ импортер:
ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар,
дом 8, этаж 16, офис 1601.

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:
«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу
ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:
ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы,
Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.

Сделано в Китае
Қытайда жасалған



Дата изготовления и гарантийный срок
указаны на этикетке устройства

Дайындалған күні және кепілдік мерзімі
құрылғының заттаңбасында көрсетілген

Haier